Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***

2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# «Мен, мен, едім, мен едім» өлеңі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 28.05.2020 | https://bilimger.kz/75719/ |

Талғат Ернар Талғатұлы

Ақтөбе қаласы, Байғанин ауданы

Бұлақтыкөл орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:**«Мен, мен, мен едім» өлеңі | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімніңаты-жөні:** | |
| **СЫНЫП:**9 | **Қатысқандар:**18 | **Қатыспағандар:**0 |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 9.2.2.1. автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** автор бейнесінің идеялық-стилистикалық рөліне, шығармадағы негізгі ой мен шығарма тілінің ұштасуы бойынша шығармашылық талдау жасайды. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** автор бейнесінің идеялық-стилистикалық рөліне сыни тұрғыда талдау жасай отырып, өзіндік көзқарасын білдіреді. | |
| **Бағалау критерийі** | — автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлін талдайды;<br>— сыни өзіндік көзқарасын білдіреді. | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>— автор бейнесінің идеялық-стилистикалық рөліне сыни талдау жасайды, негізгі ой мен шығарма тілінің ұштасуын шығармашылық тұрғыда талдайды, өзіндік көзқарасын білдіреді. | |
| | **Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология:**<br>Нарын, Исатай, лауазым, хан, би, сұлтан, ханша, жебе, ақ орда, | |
| | **Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>-Менің ойымша… ,<br>-Қорыта келгенде … ,<br>-Біздің қосар ойымыз… ,<br>-Ойымды дәлелдей келе … . | |
| | **Талқылауға арналғансұрақтар:**<br>-Өлеңде «Мен» концепциясы қалай көрініс тапқан?<br>-Махамбет өлеңдерінің тәрбиелік мәні неде? | |
| **Құндылықтарға баулу** | Ерлікке, ұлы тұлғаны үлгі етуге, құндылықтарды түсіне отырып ұлтжандылыққа баулу, елінің адал азаматы болуға баулу. | |
| **Пәнаралық байланыс** | ***Тарих, музыка*** | |
| **Алдыңғыоқу:**<br>(3-4 мин) | «**Серпілген сауал»** әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау<br>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/9-synyp/lesson/maxambetting-aqyndyq-azamattyq-bejnesi | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| **Басы**<br>**(6-7 мин)** | **Ұйымдастыру. Топқа бөлу.**<br>I. «Мен едім» тобы,<br>II. «Ер едім» тобы,<br>III. «Бөрі едім» тобы.<br>«Ізімнен ер» әдісі арқылы топқа бөлінеді.<br>(Оқушылардың орындығының артына нөмірленген өлең шумақтары жасылылады. Өлең шумақтарын бір оқушы оқып бастайды, жалғасын оқып, топ басшыға ереді.)<br>**С. «Ой шақыру» әдісі**<br>BilimLand.kz порталынан «Махамбет Өтемісұлы. «Мен, мен, мен едім» атты өлеңі» бейнеролик көру.<br>Жетекші сұрақтар:<br>1. Бейнероликте не айтылған?<br>2. Не түсіндің?<br>3. Қандай ой түйдің? | BilimLand.kz порталы<br>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/9-synyp/lesson/maxambet-otemisuly-men-men-men-edim-arqanyng-qyzyl-izeni-aj-olengderi |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Ортасы**<br>**(20-25 мин)** | **Т.Ж. 1-тапсырма. «Екі жақты күнделік» әдісі**<br>**«Мен едім» тобы:** Өлең туындысын түсініп оқы. Ондағы автор бейнесін тауып, автор бейнесімен сабақтасқан негізгі идеяны өзара талда.<br>**«Ер едім» тобы:** Автор өлең идеясы мен шығарма тілін қалай үндестіре байланыстырғандығына талдау жаса.<br>**«Бөрі едім» тобы:** Өлең құрылысында көрініс тапқан автор бейнесінің идеялық тұтастырушы рөліне талдау жаса, өзіндік дәлел келтір.<br>**Дескриптор:**<br>1. Автор бейнесімен сабақтасқан негізгі идеяны талдайды;<br>2. Өлең идеясы мен шығарма тілінің үндестігіне талдау жасайды;<br>3. Автор бейнесінің тұтастырушы рөліне талдап, өзіндік дәлел келтіреді.<br>**Кері байланыс: «Екі тілек, бір ұсыныс» әдісі**<br>(жазбаша комментарий)<br><br>**Ж. 2-тапсырма. «Эмоциялар графигі» әдісі**<br>Өлеңде кездесетін Махамбет және «Мен» арасындағы байланысты сыни бағытта талда, өзара сабақтастырып, ақын көңіл күйі арқылы өзіндік пікіріңді білдір.<br>**Дескриптор:**<br>1. Махамбет және «Мен» арасындағы байланысты сыни бағытта талдайды;<br>2. Өзара сабақтастырып, өзіндік пікіріңді білдіреді.<br>**Кері байланыс: «3 эмоция» әдісі.**<br>1. Жаңалық алдым<br>2. Сұрағым бар<br>3. Менің тілегім<br><br>**Ж.Ж.3-тапсырма. «Жырлаймын» әдісі**<br>Өлеңдегі автор стилінің желісімен өлеңде көрініс тапқан автор мен «Мен» арасындағы үндестікті ескеріп шығармашылық сарында (жыртолғау немесе сыртолғау) құрастырып жаз.<br>**Дескриптор:**<br>1. Автор стилін негізге алады;<br>2. Автор мен «Мен» арасындағы үндестікті ескереді;<br>3. Шығармашылық жұмыс жазады.<br>**Кері байланыс: «МИКС» әдісі**(оқушылар бір-бірін «жарайсың!», «керемет!», «тамаша!» деген сөздерді қолдана отырып, бағалайды) | Үлестірмелі тапсырмалар<br>А3 форматы, маркер, стикер<br><br>Күй үнтаспасы |
| **Соңы**<br>**(5-10 мин)** | **«Бұл мен» әдісі**(кестеге стикерлерге ойын жазып жабыстырады) | Кесте, стикер |
| **Қосымша ақпарат** | **М.Өтемісұлының «Мен, мен, мен едім» өлеңін жатқа оқу** | |

| **Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?** | **Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік туралы атмосфера қалыптастыру АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс** |
|---|---|---|
| Саралау тапсырмаларын орындауда жоғары деңгейлі оқушылар сөз саптаудағы өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып жазса, төмен деңгейлі оқушыларға қабілетіне қарай тірек сөздер арқылы бағыттасам, қабілетті оқушыларға сыни ойлап, өз пікірін білдіруге арналған тапсырмаларды түрлендіріп бердім. Нәтижесінде оқушылар тапсырма орындауда ерекшеленіп, белсенділік танытты. | Сабақ тапсырмаларын орындауда кері байланыс түрлерін ерекшелендіре, түрлендіре қолдандым. Топ пен топ, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жазбаша және ауызша кері байланыстар жүріп, сабақтың жоғары деңгейде өтуіне ықпалын тигізді. | **Пәнаралық байланыс –**Тарих, музыка<br>**Денсаулық және қауіпсіздік туралы атмосфера қалыптастыру –** интербелсенді тақта, компьютер қолдануда оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау ескерілді.<br>**АКТ-мен байланыс.** интербелсенді тақтамен, bilimland.kz парталымен жұмыс.<br>**Құндылықтармен байланыс** сабақ барысында «Мәңгілік Ел» идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығы ішінара жүзеге асады. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралаужақсы іскеастыма? (тапсырмалар сәйкесболдыма?)<br>Уақыттықалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандайөзгеріс енгіздімжәне неге? | Сабақтыңмақсатымен оқуміндеттеріне сай тапсырмалар арқылы сабақтыңмақсатымен оқу міндеттеріорындалды.<br>Бүгін оқушылар автор бейнесін аша білуді, автор стилі мен автор тілінің ерекшеліктерін үйренді.<br>Сабақ қызықты, оқушылардың белсенді оқыту әдісімен жоғары деңгейде өтті.<br>Жоспарланған саралау тапсырмалары жақсы іске асты.<br>Уақытты тиімді пайдаландым.<br>Сабақты жоспарға сай өткіздім, өзгеріс енгізуді қажет деп таппадым. |
| **Қорытынды бағалау**<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1: Сыни бағытта ойлауға бағытталған 1-тапсырма.<br>2: «Эмоциялар графигі» әдісімен жүргізілген жұмыс.<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытумен оқуға қатысты)?<br>1: Поэзия минутының ұйымдастырылуы.<br>2:Топ арасында өз ойын еркін дәлелдеуіне өзге әдістердің қажеттілігі.<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?<br>1:Жекелеген оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жете байқау мақсатында «Жырлаймын» әдісін жетілдіру керектігін білдім. | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.